



ҮЗДІК ШЕТЕЛ КЛАССИКАСЫ

ӘОЖ 821(100-87)

КБЖ 84ҚАЗ-44

А 51

Амаду, Ж.

А 51 Құм жағалаудың капитандары : роман / Аударған Ш. Бейсенова. – Астана : Фолиант, 2019. – 376 бет. – (Үздік шетел классикасы).

ISBN 978-601-338-159-6

Құм жағалаудың капитандары әлі де бар. Олар есейіп, ер жетеді, олардың орнына басқалар келеді, олар жыл өткен сайын көбейе түсуде. Аштық пен қайыршылықты жойған күнде ғана сәби күнінен бастап ешқандай ойыншықтары, мектебі, отбасының жылуымен, ана мейірімі ешқашан да болмаған бұл балалардың қуанышсыз өмірін өзгертуге болады.

Құм жағалау капитандарының қарындары аш, бірақ олар тағдырға мойынсұнбағандар...

ӘОЖ 821(100-87)

КБЖ 84ҚАЗ-44

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешқандай бөлігін баспаның жазбаша рұқсатынсыз қайта жариялауға, қандай да бір жолмен және белгілі бір құралмен – электронды, механикалық, фотокөшірме, жазбаша немесе басқа да жолдармен пайдалануға тыйым салынады.

ISBN 978-601-338-159-6

© «Фолиант» баспасы, 2019

Жоржи
АМАДУ

Құм жағалаудың
капитандары

Р О М А Н

Аударған
Шәрбану Бейсенова

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана – 2019

Алғы сөздің орнына



Көздері жалт-жұлт еткен, қимылдары шалт, тілдерінде ұрылардың жаргоны басым, аштықтан, күтімсіздіктен әбден азып-тозған бұл балалар қайыр-садақа тілеп, кейде тіпті ұрлық та істеп, қала көшелерінде сенделіп жүреді. Осыдан қырық жылдан астам уақыт бұрын мен олар туралы кітап жазғанмын. Мен сол кезде білетіндердің бәрі қазір ересек: олардан қаңғыбастар, фабрика жұмысшылары, кәнігі ұрылар шықты, бірақ құм жағалаудың капитандары әлі де бар. Олар күндіз қала көшелерін топ-тобымен кезіп, күн көріп, түнде ашық аспан астында ұйықтайды. Және де бұл кездейсоқ оқиға емес, аштық пен халықтың аса кедей топтарының қайыршылығы туғызған қала өмірінің өзгермес құбылысы. Қараусыз қалған көше балаларының саны ұдайы өсу үстінде. Осынау өмірлерінде қоғамның өздеріне деген қатыгездігін көріп, тәрбиенің бірақ жолы – полицияның соққысына үнемі ұшырап отырған мұндай жасөспірімдердің жасаған қылмыстары туралы газеттер үнемі хабарламалар береді. Олар кішкентай жыртқыш аңдарға ұқсайды: өздері ешкімнен де және ештеңеден де қорықпайды, тайсалмайды, ал қажет болған жағдайда көздеріне оп-оңай жас

үйіріле салады; олардың ойлары зерек, тілдері өткір. Басқа балалар ертегі тыңдап, өздерін ләйлек құс әкеліп берді дегенге сенетін жаста бұл балалар тағдырдың талай талқысын бастан кешіп үлгерген. Байя көшелеріндегі мұңды да жадау құбылыс – осы құм жағалаудың капитандары.

Бірақ осынау өздерінен басқа сенері жоқ кішкентай қаңғыбастардан құралған – он-он бір жасар шабуылшылар мен ұрылардан артық мен ешкімді де соншалықты терең де шынайы сезіммен сүйген емеспін. Олар айлақта, саябақтарда, үйлердің кіре берістерінде түнеп, ұсақ-түйек қызметтер көрсетіп, күн көреді, ал қазір саяхатшыларды мангр тоғайларына ертіп апарады. Олар әлеуметтік жүйенің құрбандары әрі бұл мәселе қайырымдылықпен шешілмек емес. Осы бес-жиырма адамға арналған паналау үйлері мен колониялар мәселені шеше қоярма екен? Құм жағалаудың капитандары әлі де бар. Олар есейіп, ер жетеді, олардың орнына басқалар келеді, олар жыл өткен сайын көбейе түсуде. Аштық пен қайыршылықты жойған күнде ғана сәби күнінен бастап ешқандай ойыншықтары, мектебі, отбасының жылуымен, ана мейірімі ешқашан да болмаған бұл балалардың қуанышсыз өмірін өзгертуге болады.

Құм жағалау капитандарының қарындары аш, бірақ олар тағдырға мойынсұнбағандар...

*Жоржи Амадудың «Барлық киелілердің киелісі Байя»
кітабынан үзінді, 1977 жыл*



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛГЕН ХАТТАР



Кішкентай тонаушылар

— *«Құм жағалау капитандарының» қылмыстары көбеюде.*

— *Қалада ұрлықпен күн көретін панасыздар қаптап жүр.*

— *Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі судья мен полиция бастығы шұғыл шаралар қолдануы керек.*

— *Кеше тағы бір шабуыл жасалды.*

Байя тұрғындарының үміті мен сенімдерін білдіруші ретінде біздің газетіміз «Құм жағалау капитандарының» (қаламызда қаптап кеткен кәмелетке толмаған шабуылшылар мен тонаушылардың бандасы осылай аталады) қылмыстық іс-әрекеттері туралы хабарламаларды әлденеше рет жариялады.

Қылмыстың тайғанақ жолына тым ерте түскен бұл балалардың тұрақты баспанасы жоқ, әйтеуір күні бүгінге дейін мекенжайлары анықталған емес. Сондай-ақ олардың өз олжаларын — күн сайын қайталанатын болғандықтан да, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі судья мен полиция бастығының шұғыл араласуын талап етіп отырған шабуылдарының олжасын қайда тығатынын табудың қазір де реті келмеді.

Сенімді дерек көздері бойынша кәмелетке толмаған тонаушылардың бұл бандасында сегіз жастан он алты жасқа дейінгі жүзден астам әр түрлі балалар бар көрінеді. Туған кезінен-ақ христиандық ізгіліктер бойына егілмеген балалар, жастайынан бастап, әрине, қылмыс жолына түскен. Оларды «Құм жағалаудың капитандары» деседі, өйткені айлақтың құмдауыт жағажайлары олардың штаб-пәтеріне айналған. Олардың командирі — он төрт жасар жігіт, олардың ішіндегі ең қауіптісі сол екендігі сөзсіз: ол тек тонаушылықпен айналысып қоймай, кешегі шабуыл кезінде біреуге ауыр жарақаттар салған. Өкінішке орай, қолға түспеген соң басшының кім екендігі анықталмаған күйде қалды.

Полиция мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттан бұл банданы жоюға көмектесетін, оқтын-оқтын шабуыл жасап, қаламыздың берекесін кетірген кішкентай қылмыскерлерді темір тордың ар жағына жіберу үшін шұғыл және ең батыл шешімдер қабылдауы күтілуде. Ал қазір кешегі бәрімізге қадірлі коммерсант, Португал көшесіндегі ірі мануфактура дүкенінің иесі құрбаны болған тонаушылық шабуылдың егжей-тегжейін хабарлаймыз. Оған келтірілген залал миллион рейстен асады. Оның үстіне кішкентай бандиттердің басшысы бағбанды қатты жарақаттаған.

Комендадор¹ Жозе Феррейраның үйінде

Байяның ақсүйектер тұратын бөлігінің ортасы саналатын Виктория² аллеясында біздің қаламыздың ең ауқат-

¹ Комендадор — әскери орденнің иегері. Алайда бұл атақты ақшаға сатып алуға да болатын.

² Бір кездерде Виктория аллеясында тұру ең үлкен мақтаныш болатын: бұл жерде империя дәуірінен бергі ақсүйектер еңселі үй-жайларын салатын болған. Енді Ж. Амадудың жазғанындай, «Бразилияның бір кездердегі ең сұлу көшесі ақылға сыймас әрі үрей тудыратын көк тіреген үйлердің орманына айналды» («Барлық киелілердің киелісі Байя», Рио-де-Жанейро, 1970 ж., 70-бет).

ты және орнықты негоцианттарының бірі — комендадор Жозе Феррейраның еңселі үйі бой көтерген. Жасыл желекке малынған көне үйдің түрі көз сүйсіндіреді. Ал кеше осынау сүттей ұйыған жайбарақаттық пен адал еңбектің мамыражай мекені «құм жағалау капитандарының» шабуылынан кейін сөзбен айтып жеткізгісіз жан толқынысы мен үрейді бастан кешірді.

Сағат күндізгі үшті соқты, бағбан бірнеше алба-жұлба киімді ұлдардың комендадор үйінің қоршауының жанында айналсоқтап жүргенін байқаған кезде қала ыстықтан титықтап тұрған еді. Бағбан шақырусыз келген қонақтарды қуып жіберді. Олар кідірместен өз жөндеріне кетті, ал комендадордың бағбаны Рамиро аула ішіндегі шаруаларымен айналыса бастады. Алайда бес минут та өтпестен шабуыл жасалды. Кенет бағбан Рамиро үй жақтан шыңғырған дауысты естіді. Бұлайша тек өлердей қорыққан адам ғана айқайласа керек. Қолына орағын алып үйге жүгіре кірген бағбан бірнеше ұл баланың асханадан барлық құнды заттарды алып, сайтанның сапалақтары сияқты (Рамироның тура байқағанындай) терезелерден қарғып шыға-шыға қашқандарын көзі шалып қана қалды. Айқай-шу шығарған қызметші әйел бастан кешкен сұмдықтан талып құлаған комендадордың зайыбының есін жиғызуға тырысуда еді. Бағбан уақыт оздырмай баққа жүгіріп шығып, сол жерде айқасқа түседі.

Ал осы кезде комендадордың немересі, атасы мен әжесіне қыдырып келген он бір жасар тамаша балақай Рауль Феррейра бақ ішінде, бұлар бетіндегі тыртығынан таныған банда басшысымен жайбарақат сөйлесіп тұрған. Өзінің аңғалдығынан Рауль тонағалы келген қаскөймен еш күдіксіз әңгімелескен. Бағбан жеткен бойда, бозбала қорғану тәсілдерін жақсы біледі және өзіне қарсы соққы береді деп ойланбастан, тонаушыға бас салады. Нәтижесінде,

шайка басшысын ұстап алуға тырысқан бағбанның иығына, содан соң қарнына пышақ тиіп, қылмыскерді қоя беруге мәжбүр болады. Ол сол сәтте-ақ зым-зия жоғалады.

Болған жай туралы сол бойда-ақ полицияға хабарланды, алайда осы сәтке дейін «құм жағалау капитандарының» ешқандай ізі табылған жоқ. Комендадор Жозе Феррейра біздің тілшімізге берген сұхбатында өзіне келтірілген залалды миллион рейстен асады деп бағалады, яғни әйелінің ұрланған кішкентай қол сағатының өзі 900 крузейро тұрады екен.

Тез арада тәртіпке келтіру керек

Бұл «құм жағалау капитандарының» өте сәтті жүзеге асырған тек бір шабуылы ғана емес-тін, сондықтан ақсүйектер ауданының тұрғындары жиілеп кеткен тонаулардан зәре-құттары қалмайтын болды. Ендеше, қылмыскерлер әділ жазаларын тартулары үшін әрі қаламыздың ең қадірлі адамдарының тыныштығына кепілдік болуы үшін құқық қорғау органдарының дереу араласуы қажет. Біз полицияның аса құрметті бастығы мен атағы одан кем түспейтін кәмелетке толмағандар істері жөніндегі судьяның осынау өте жас болғандарына қарамай, аса батыл да менмен қылмыскерлерге қарсы тиісті шаралар қолданатынына сенеміз.

Барып тұрған аңғалдық

Біздің тілшіміз кішкентай Раульден де сұхбат алды, оның жасы он бірде екендігі, солай бола тұрғанмен оның Антонио Виейра³ атындағы колледждің ең ынталы оқу-

³ Антонио Виейра атындағы иезуит колледжі, онда 1922-24 жылдары Жоржи Амудудың өзі де оқыған.

шыларының бірі екендігі хабарланған болатын. Рауль «құм жағалау капитандарының» қауіпті басшысымен болған әңгімесі туралы айтып, асқан батылдығын танытты:

— Ол маған менің ақымақ екендігімді және нағыз ойындардың қандай болатынын білмейтінімді айтты. Мен өзімде велосипед және басқа да толып жатқан ойыншықтар бар екендігін айттым. Ол күліп жіберді де, оның есесіне порт пен көшелер оның иелігінде екендігін айтты. Ол маған өте ұнады, фильмдердегі түрлі қызық оқиғалар іздеп, үйлерінен қашып кететін балаларға ұқсайды екен.

Бұл туралы ойланған жөн деген ойдамыз. Неліктен кино жасөспірімдердің бойына өмір туралы осыншалық қате ұғымдарды егеді? Бұл шетін мәселе де кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі судьяның назарына ілігуге лайық. Біз бұған әлі де қайта айналып соғатын боламыз.

(Репортаж «Кешкі Байя» газетінің криминалдық хроника бөлімінде комендадор үйінің және оның орденмен марапатталу сәтіндегі суреттерімен қоса жарияланған).

Полиция бастығы хатшысының «Кешкі Байя» редакциясына жолдаған хаты

Сеньор бас редактор!

Полиция бастығы газетіңіздің екінші шығарылымында жарияланған, «Құм жағалаудың капитандары» деген атпен белгілі кішкентай құқық бұзушылардың қылмыстық әрекеті және осы банданың комендадор Жозе Феррейраның үйіне жасаған шабуылы туралы хабарланған мақаламен танысып шықты. Осыған байланысты полиция бастығы бұл проблеманы шешу по-

лиция бастығынан гөрі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судьяның құзырына кіретінін назарыңызға салмақшы. Мұндай жағдайда полиция бастығы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судьяның нұсқауымен ғана іс-қимыл жасай алады. Бірақ, солай бола тұрғанмен де, біздер мұндай қаскөйліктер тағы да қайталанбауы үшін, ал кінәлілер тұтқындалып сыбағалы жазаларын тартуы үшін батыл шаралар қолданатын боламыз.

Жоғарыда баяндалғаннан «полиция осы тәртіпсіздікке назар аудармады» деп оның атына тағылған айыптардың артық екендігі анық көрінеді. Біз кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судьядан тиісті нұсқаулар алмағандықтан, батыл шаралар қолданған жоқпыз.

Менің ең ізгі тілектерімді қабыл алыңыз, полиция бастығының хатшысы.

(«Кешкі Байяның» бірінші бетінде полиция бастығының суретімен және көпірте мақталған түсініктемелермен қоса жарияланды).

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судьяның «Кешкі Байя» редакциясына жолдаған хаты

**Жоғары мәртебелі сеньор
«Кешкі Байяның» бас редакторына.
Сальвадор қаласы, Байя штаты.**

Құрметті жерлес!

Қызметіме орай өзіме жүктелетін көптеген әрі сан қилы міндеттерге байланысты бос уақытым мүлде болмаса да, қолым босаған сирек сәттерде сіздің тамаша

газетіңізді қарай отырып, мен штат полициясының қажып-шаршауды білмейтін бастығының қалада қаптап кеткен кішкентай қылмыскерлерге қарсы жаппай науқанды тиісінше ұйымдастыра алмауының себебін түсіндірген хатымен таныстым. Полиция бастығы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судьядан тиісті нұсқаулар алмағанын айтып ақталғысы келеді. Аса көрнекті және майталман полиция бастығын кінәлаудан аулақ бола тұрып, мен ақиқат үшін (өзінің нұрлы сәулесімен менің бүкіл өмір жолымды нұrlандырып тұрған ақиқаттың өзі үшін) мұның бос сөз екендігін мәлімдеуге міндеттімін. Бұл айыптаудың ешқандай да негізі жоқ, өйткені кішкентай қылмыскерлерді іздестіру мен тұтқындау соттың құзыретіне жатпайды. Оның міндеттері — олардың жазаларын өтейтін түзеу мекемесін айқындау және соттың жүру барысын бақылау үшін куратор тағайындау. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі сот кішкентай қылмыскерлерді ұстаумен айналысуға тиіс емес, оның ісі — оның бұдан кейінгі тағдырымен айналысу. Сондықтан аса құрметті полиция бастығы менің қашанда өз парызымды атқаратынымды білуге тиіс. Елу жылда ешқандай дақ түспеген өмір жолымда мен бұдан ешқашан жалтарған емеспін.

Соңғы бірнеше айдың ішінде мен кәмелетке толмағандарға арналған колонияға көптеген кішкентай қылмыскерлер мен панасыздарды жөнелттім. Ал олардың ол жақтан қашып кететініне, біздің оқу орны ұсынып отырған түзелу мүмкіндігі оларды ынталандырмайтынына мен жазықты емеспін. Олар бұл үйлерде үлкен қамқорлық аясында, тыныштықпен рахаттанып, адал еңбекпен күн кешеді. Бірақ олар ол жақтан қашып кетіп, басынан кешкен жайлар өздеріне зиянын тигізгендей бұрынғыдан бетер қатыгездікке бет бұрады. Мұның

себебі неде? Бұл жағдайларды шешу сізге қызмет етуге дайын мен пақырдың емес, кәсіби психологтардың қолынан ғана келетін сияқты.

Сөзімнің қорытындысында сізді, сеньор редактор, кішкентай құқық бұзушыларға қарсы күрес науқанын күшейту үшін полиция бастығы біздің тараптан әрқашанда жан-жақты қолдау таба алатынына сендіргім келеді.

***Шынайы таңданыс пен ризашылық танытушы —
кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі судья.***

(«Кешкі Байяның» бірінші бетінде судьяның суретімен және қысқаша мақтау түсініктемелермен қоса жарияланды.)

**Жасөспірімнің анасы, тігіншінің
«Кешкі Байя» редакциясына жолдаған хаты**

Сеньор редактор!

Жіберген қателерім мен жазуымның нашарлығы үшін кешіре көріңіз — мен хат жазуға шебер жан емеспін, ал дәл қазір шындықты білуіңіз үшін ғана сізге хат жазып отырмын. Мен газеттен «құм жағалау капитандарының» тонаушылық жасағандары туралы мақаланы көрдім, сосын полиция оларды ұстаймыз деп мәлімдеді, сонда кәмелетке толмағандармен айналысатын судья өзі бұл байғұстарды жіберетін колонияларда олардың түзелмейтіні өкінішті деді. Міне, тап осы колониялар туралы сізге айтып беру үшін мен қолымнан келгенінше хат жазып отырмын. Мен сорына қарай қатыгез түрмешілердің қолына түскен кедей балаларын қалай қорлайтындарын көзбен көру үшін сіздің газетіңіз сол

колонияға бір адамды жіберуін қалар едім. Менің ұлым Алонео онда жарты жыл болды, егер де мен оны сол жерден алып шығудың амалын таппаған болсам, бұл байғұс тағы сонша уақытқа шыдар ма еді, шыдамас па еді, білмеймін. Балаларымыздың көретін көрешегінің ең азы — күніне екі немесе үш рет таяқ жеу. Оның ұдайы мас боп жүретін директоры байғұс балалардың арқасын қамшы оsqылап жатқанын тамашалауды ұнатады. Мен өзім мұны қаншама рет көзіммен көрдім, олар бізден ұялмайды және мұндай сабақ тек пайдасын тигізеді деседі. Сондықтан да мен өз ұлымды ол жерден шығарып алдым. Егер сіз онда біреуді жіберсеңіз, оларды немен тамақтандыратынын және оларды ересек еркектер де төзе алмайтын құлдықта ұстайтынын және ұрып-соғудың қандай түрлерін бастан кешіп отырғандарын білесіз. Бірақ мұны жасырын істеу керек, басқаша жағдайда олар сіздің көзіңізді алдай сала алады. Онда ешқандай ескертпей, хабарламай барыңыз, сонда кімнің сөзінің рас екендігін өз көзіңізбен көресіз. «Құм жағалаудың капитандарын» туындатып отырған, міне, осылар. Мен ұлымның ондай колонияда жүргенінен гөрі сол балалардың арасында жүргенін артық көремін. Сондықтан да егер сіз жүрегіңізді тұршіктілер бір нәрсені көргіңіз келсе, сонда барыңыз. Сондай-ақ, егер қаласаңыз, сол жерде рухани әке болған және бәрін де көрген падре Жозе Педромен сөйлесіңіз. Ол кісі сізге осының барлығын менен де жақсырақ айтып береді.

Мария Рикардина, тігінші

(«Кешкі Байяның» бесінші бетінде, хабарландырулар бөлімінде суретсіз және ешқандай түсініктемесіз жарияланды).

**Падре Жозе Педроның «Кешкі Байя»
редакциясына жолдаған хаты**

*Сізді Тәңірім сақтай көрсін,
сеньор редактор!*

Сіздің құрметті газетіңізден мені кәмелетке толмағандарға арналған колониядағы балалар өмірінің жағдайы қандай екендігін түсіндіруге қабілетті адам деп санайтын Мария Рикардинаның хатын оқып, әрі өкінішке орай, Мария Рикардинаның ештеңені асырып айтып отырмағанын мәлімдеуді өз парызым деп санаймын. Балалар аталған колонияда жабайы аңдар сияқты ұсталады, бұл — еш қоспасы жоқ шындық. Тәрбиешілер қайырымды Ұстаз өсиеттерін ұмытып, балаларға жақсы қарау арқылы олардың сенімдеріне ие болудың орнына, үздіксіз ұрып-соғуға және адам төзбес жазалауға ұшыратып, ақыры өздеріне қарсы шығуға айдап салып, оларды одан сайын өштестіре тұсуде. Мен колонияға осы балалардың бойына жұбаныш пен сенім орнықтыруға келгенмін, бірақ осынау қайырымға, аяушылыққа лайық жас жүректерде жинақталған кектен, жеккөрушіліктен олардың христиан ілімін қабылдауға ықыластары жоқ екендігін байқадым. Менің көргендерімнен, сеньор редактор, тұтас бір кітап шығар еді.

Ден қойғаныңызға алғысымды айтамын.

Падре Жозе Педро, Құдайдың құлы

(«Кешкі Байяның» үшінші бетінде, ешқандай түсініктемелерсіз «Шынымен де, бұл шындық па?» деген тақырыппен жарияланды).